





ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕНЕЙІК, КӨШТЕН ҚАЛМАЙЫҚ!

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ҰЛТТЫҚ КИИ ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



ЖАНҚОЖА БАТЫРДЫҢ ҚЫЛЫШЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ АБЫРОЙ-БЕДЕЛІН
АРТТЫРУ ҮШІН НАҚТЫ ЖҰМЫС ЖҮР-
ГІЗІЛЕДІ. ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ТҮБЕГЕЙЛІ
ЖАҢҒЫРТУ ІСІН БАСТАУ КЕРЕК.
ЖАУАПТЫ МЕКЕМЕНІҢ БӘРІ ЖӘНЕ
ЕҢ БАСТЫСЫ, ЖЕКЕ СЕКТОР БҰЛ ІСКЕ
БЕЛСЕНЕ АРАЛАСУҒА ТИІС.

№12
(4756)
Сенбі
1 ақпан
2025 жыл




ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында биыл 18 жасқа толмаған әр балаға 129, 38 доллар көлемінде қаражат аударылады.

Биыл бағдарламаға 6 921 035 бала қатысып жатыр (2007 жылдан 2024 жылға дейін туған балалар). Олардың ішінде 324 430 азамат 2025 жылы 18 жасқа толады.

2022 жылдың қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын көтерген болатын. Осы бастаманың аясында 2025 жылы 18 жасқа толмаған қазақстандық балаларға 129,38 доллары көлемінде қаражат аударылды.

2024 жылы аталған бағдарламаға 6 919 131 адам қатысып (2006-2023 ж.ж. туған балаларды қоса алғанда), олардың әрбірінің шотына 100,52 доллар жіберілген.



КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА ЕСІМІ БЕРІЛДІ

Қазақ ұлттық өнер университетіне ресми түрде аңызға айналған опера әншісі Күләш Байсейітованың есімі берілді. Бұл туралы Мәдениет және ақпарат министрлігі хабарлады.

Оқу орнын қайта атау туралы шешімді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдап, бұл туралы өткен жылы мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсмінде жариялаған болатын.

Мемлекеттік қайта тіркеу рәсімі аяқталғаннан кейін, оқу орнына «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» атауы ресми түрде берілді.

Сонымен қатар «Астана Опера» театрының Камералық залына Күләш Байсейітованың есімі беріледі.



КӘСІПКЕРІ КӨП ҚАЛА

2024 жылдың қорытындысы бойынша өңірлер арасында ең жоғары экономикалық өсім көрсеткіші тіркелген 6 аймақтың бірі – Астана. Бүгінгі таңда Астана экономикасының негізін шағын және орта бизнес құрап отыр. Елорданың жалпы өңірлік өнім құрылымындағы шағын және орта бизнес үлесі 72 пайызды құрайды. Оның ішінде құрылыс саласы маңызды орын алады. Сондай-ақ сауда саласы да елорданың экономикалық көрсеткішіне оң ықпалын беруде.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Биыл Астана қаласында Халықаралық жасанды интеллект орталығын ашу жоспарланып отыр. Бұл туралы Digital Almaty форумы аясында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев мәлім етті.

«Биыл Халықаралық жасанды интеллект орталығы Астанадағы Еуро базасында ашылады. Біз Astana Hub-тың сәтті тәжірибесін қайталап, адамдардың барлық санаты үшін оқытудың мүмкіндігін жасаймыз. Алдағы 5 жылда біз 1 миллионға жуық адамды оқытуды жоспарлап отыр-

мыз. Одан бөлек жасанды интеллект стартаптарына арналған кампус, сондай-ақ ірі халықаралық компаниялар орналасатын орталық болады. Қазіргі уақытта шетелдік компаниялармен алдын ала келісім бар. Олар мұнда өз кеңселері мен зертханаларын ашады» деді министр.

Кеше қала бойынша қар тазалау жұмысына 2 633 жол жұмысшысы мен 1 862 арнайы техника шықты. Жұмыс барысында елорданың қар полигондарына 50 мың текше метрден астам қар шығарылды. Жалпы қыс мезгілінің басынан бастап қаладан

4 500 000

текше метрден астам қар шығарылды.





ТИІМДІ ЫҚПАЛДАСТЫҚ ЖОЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақорда» резиденциясында Еуразиялық үкіметаралық кеңеске және Digital Almaty 2025 цифрлық форумына қатысу үшін Қазақстанға келген Ресейдің Премьер-министрі Михаил Мишустинмен кездесу өткізді.

Кездесуде екі елдің стратегиялық серіктестігін дамыту перспективасы талқыланып, сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастықты, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы қарым-қатынасты жаңадандыруға баса назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы достық пен тату көршілікті нығайтуға Михаил Мишустиннің қосқан үлесін жоғары бағалады. Сонымен қатар Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің былтыр 27 қарашада Астанаға жасаған мемлекеттік сапары кезінде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асырудың өзекті екенін атап өтті. «Елдеріміздің арасындағы байланыс беки түсті. Бұл мемлекетаралық ынтымақтастықтың барлық саласын қамтиды. Сіздің Астанаға жасаған сапарыңызды жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асырудың маңызды кезеңі ретінде қарастырамыз. Владимир Путиннің Қазақстанға жасаған сапары

барысында Уфада өңіраралық форум табысты өтті. Биыл біз кезекті форумды Қазақстан аумағында, яғни Орал қаласында ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Ынтымақтастықтың осы форматы нәтижелі болады деп ойлаймын» деді Президент.

Михаил Мишустин мемлекеттер басшылары алға қойған міндеттерді нақты іске асыруға дайын екенін мәлімдеді. «Орайлы сәтті пайдалана отырып, Ресей Президенті Владимир Путиннің ыстық ықыласын жеткізгім келеді. Владимир Владимирович былтыр қараша айында Қазақстанға тарихи мемлекеттік сапар жасады дегуе болады. Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз де желтоқсан айында Ресейдің Санкт-Петербург қаласына келдіңіз. Біз үшін өңіраралық форумның берері мол. Ресейдің аймақтары Қазақстанның көптеген облысымен тікелей байланыс орнатқан. Өзіңіз атап өткендей, бұл форматтың маңызы зор, оның тиімділігін арттыруға барынша қолдау көрсетеміз.

Қазақстан – Ресей Федерациясының көршісі әрі одақтасы. Біздің қарым-қатынасымыз достық пен өзара құрметке негізделген» деді Ресей Үкіметінің төрағасы.

Михаил Мишустин Қасым-Жомарт Тоқаевқа екі елдің үкіметтік делегациялары арасында жүргізілген келіссөздердің нәтижесі туралы ақпарат беріп, күн тәртібінің барлық спектрі бойынша қол жеткізілген уағдаластықтардың өзара тиімді ықпалдастықты одан әрі нығайтуға қызмет ететініне тоқталды. Кездесуде энергетика, өнеркәсіп, көлік инфрақұрылымы, ауыл шаруашылығы және басқа да салалардағы бірлескен жобаларды жүзеге асыруға баса назар аударылды. Сонымен қатар ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Ресей Президентінің Мәскеудегі Жеңістің 80 жылдығына арналған мерекелік іс-шараға шақыруын қабыл алғанын айтты.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК КЕЛЕШЕГІ ЗОР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жапония Премьер-министрінің арнаулы кеңесшісі, Парламент Өкілдер палатасының депутаты Акихиса Нагашиманы қабылдады. «Қазақстан Жапониямен стратегиялық серіктестікті дамытуға ерекше мән береді. Екі ел арасында достық пен өзара түсіністікке негізделген тығыз ынтымақтастық орнаған. Біз «Қазақстан мен Жапонияның арасы алыс болғанымен, достығымыз берік» деп айтамыз» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық және ғылыми-техникалық байланыстарды кеңейтуге айтарлықтай әлеует бар екеніне тоқталды. Президент Қазақстан экономикасына тартылған жапон инвестициясының көлемі 8 миллиард доллардан асқанын айтты. Сондай-ақ еліміздің шетел-

дік инвесторларға, соның ішінде Жапонияның озық компанияларына қолайлы жағдай жасауға дайын екенін атап өтті.

Арнаулы кеңесші Президентке Жапония Премьер-министрі Шигеру Ишибаның ыстық ықыласын жеткізді, сонымен қатар Токионың қазақ-жапон сан қырлы қарым-қатынасын одан әрі жан-

дандыруға бейілдігін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Акихиса Нагашима жоғары деңгейдегі саяси диалогты нығайтудың маңызын атап өтіп, сауда, энергетика, көлік, білім беру, мәдени-гуманитарлық салалардағы, сондай-ақ климаттық өзгеріс мәселелері бойынша екіжақты өзара ықпалдастықты тереңдетудің перспективасын талқылады.



КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трампқа көңіл айту жеделхатын жолдады.

Президент Вашингтонның Рональд Рейган атындағы Ұлттық әуежайы маңында болған ұшақ апатынан көптеген адамның қаза тапқаны

туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабыл алғанын жеткізді. Мемлекет басшысы АҚШ Президенті Дональд Трампқа, қайтыс болған жан-

дардың отбасыларына және қайғылы оқиғадан зардап шеккен азаматтарға Қазақстан халқының және өзінің атынан көңіл айтты.

ЖАҢА ДӘУІРДІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ


Премьер-министр Олжас Бектенов Алматыда өткен «Digital Almaty 2025: Industrial AI: жаңа дәуірге арналған технологиялар» халықаралық цифрлық форумында сөз сөйледі.

Пленарлық отырысқа Әзербайжан Премьер-министрі Әли Идаят оғлы Асадов, Беларусь Республикасының Премьер-министрі Роман Головченко, Иран Ислам Республикасының бірінші вице-президенті Ареф Мохамад-Реза, Қырғыз Республикасы Министрлер кабинетінің төрағасы – Президент Әкімшілігінің басшысы Адылбек Қасымалиев, Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустин, Өзбекстан Республикасының Премьер-министрі Абдулла Арипов, Армения Республикасының вице-премьері Мгер Григорян және ЕЭК алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаев қатысты. Сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен қаржы институттарының өкілдері шақырылды. Алаңда AI-дің экономикаға, өнеркәсіптік экожүйелерге, медицинаға, білімге және басқа да салаларға интеграциясы және инновациялық даму перспективалары мәселелері көтерілді.

Форумның пленарлық отырысында сөйлеген сөзін-

де Премьер-министр Олжас Бектенов жасанды интеллект дамуының негізгі факторлары: адами капиталды, цифрлық инфрақұрылымды дамыту және институционалдық негіз құру екенін атап өтті. Цифрлық технологияларды енгізу ЖІӨ-нің жыл сайынғы өсімін 2-3%-ға қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл ЖИ-дің экономика дамуындағы маңызды рөлін айқындайды.

«Жасанды интеллектің жаһандық моделі жедел түрде бәсекелестіктен кооперативтік үлгіге ауысуда. Ол үшін IT-индустрияның әлемдік көшбасшылары ынтымақтаса отырып, өздерінің ғылыми-зерттеу жобаларын бірлесіп жүзеге асырып жатыр. Танымал платформаларда энтузиастар өз әзірлемелерімен ашық түрде бөлісуде. Олар мұны технологиялардың жаппай дамуы үшін жасап жатыр. Біз бұл тәжірибені өзіміздің және бірлесіп жасалатын әзірлемелер үшін де пайдалануымыз керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жо-



март Кемелұлы Тоқаев Alem.AI халықаралық жасанды интеллект орталығының негізінде құзреттер экожүйесін құру бастамасын көтерді. Ол биыл Астанада ашылады. Бұл бір алаңда жетекші IT-компанияларды, зерттеу зертханаларын, стартаптар мен шешімдерді бірлесіп әзірлеу үшін білім беру бағдарламаларын біріктіруге мүмкіндік береді» деп атап өтті Олжас Бектенов, Alem.AI орталық базасында жасанды интеллект саласындағы бірлескен R&D жобаларын әзірлеуде ЕАЭО бойынша әріптестердің күш-жігерін біріктіру қажеттігіне назар аудара отырып.

Қазақстанның стратегиялық басым міндеттерінің бірі – жасанды интеллект саласында мамандар даярлау. Алдағы 5 жылда мемлекеттік қызметкерлермен толық қамти отырып, 1 млн адамды оқыту жоспарланып отыр. Бұл бағытта жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, өткен жылы Қазақстанда белгілі француз педагогі Николя Сади-раклпен бірлесіп Tomorrow School жасанды интеллект мектебі ашылды. Білім беру үдерісі инновациялық әдістерге, соның ішінде геймификацияға және оқытушыларды қажет етпейтін реер-to-реер жүйесіне негізделген. Қазақстан білікті кадрларды

даярлауда стандартты емес тәсілдерді енгізу мәселелерінде тәжірибе алмасуға дайын екендігін білдірді.

Олжас Бектенов цифрлық инфрақұрылымды дамыту жағдайында есептеу ресурстарын тиімді бөлу қажеттігін атап өтті. Жергілікті үлкен тілдік үлгілерді (LLM) және мультимодальды жүйелерді әзірлеу мәдени құндылықтарды сақтауға жергілікті ерекшеліктер мен азаматтардың мүдделерін ескере отырып, цифрлық шешімдерді бейімдеуге және деректер қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллектті дамытудың институционалдық негізін

қалыптастыру шеңберінде Қазақстанда тиісті Тұжырымдама бекітілді, ол Ұлттық ЖИ стратегиясын әзірлеу үшін бастапқы негіз болды. Инновацияларды дамыту үшін құқықтық негіз құруға бағытталған жасанды интеллект туралы заң жобасын әзірленді. Бұған қоса ҚР Президентінің жанынан озық технологияларды енгізу үшін жетекші отандық және халықаралық сарапшыларды біріктіретін жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес құрылады. Сонымен қатар AI-стартаптарын қолдау үшін Astana Hub базасында мақсатты көлемі \$1 млрд-ты құрайтын Венчурлік инвестициялар қорларының Қоры құрылды.

Олжас Бектенов форумға қатысушылардың назарын жасанды интеллект дамуының бірқатар маңызды аспектілеріне аударды. Бұл – жасанды интеллект дамуының еңбек нарығына әсерімен байланысты сын-қатерлер, мамандарды қайта даярлау қажеттілігі, этика мәселелері, экологиялық жүктеме және технологияларға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Форум аясында қазақстандық және шетелдік мамандардың ЖИ-стартаптары мен жобалары ұсынылды. Отандық Codipray мобилді қосымшасы бүгінде 13 елде қолданылады және IT-сауаттылық бойынша оқып жатқан 13 млн баланы қамтиды.

ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАР ПОЛИГОНЫНА БАРДЫ

Астана қалалық мәслихатының депутаттары қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару және кәдеге жарату тарифтері бойынша кеңеске дайындық барысында елордадағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына барды. Онда депутаттар қалдықтарды өңдеуші кәсіпорынның қызметімен танысып, қалдықтар орналасқан ұяшықты көрді және полигон басшылығымен сөйлесті.



– Бұл мәселе – өткен жылдан бері күн тәртібімізде, назар аударуға тұрарлық жайттар көп. Тарифті көтеру мәселесін реттеу мақсатында жұмыс топтары құрылды, олардың құрамына мәслихаттың тұрақты комиссияларының әрқайсысынан екі өкілден кірді. Мен де бюджеттік комитетке кірдім, себебі бұл мәселе біздің қала тұрғындары үшін өте маңызды және бұл мәселені жан-жақтан қарастыру

керек деп есептеймін. Одан кейін «Аманат» партиясындағы әріптестермен бірге «Көктал-1» тұрғын үй кешеніндегі ауданы 50 мың шаршы метрді құрайтын заманауи Перинаталдық орталықтың құрылысын көрдік. Мердігер Mabetex Group компаниясы жобаны 2026 жылға дейін аяқтауды жоспарлап отыр. Бұдан соң Қосшығұлды көшесіндегі жаңадан салынып жатқан №106 мектептің

құрылыс жұмысына баға бердік. Бұл – ауданымызда «Көктал-1» және «Көктал-2» тұрғын алаптарында салынған екі жайлы мектептің бірі. Перинаталдық орталықтың құрылысы әлі жүріп жатқанда, №106 мектеп 2024 жылдың 1 қыркүйегінде пайдалануға берілді. Бүгін мұнда 3500 студент екі ауысымда білім алуда, оқытушылар құрамы – 200 адам. Мектеп ғимаратын аралап көріп, сыныптардағы

заманауи техникалық жабдықтарға риза болдық. Білім алуға қолайлы жағдай жасалған, – деп жазды өзінің әлеуметтік парақшасында депутат Кендебай Адамбек.

Депутаттардың айтуынша, қала бойынша тәулігіне 1200 тонна қоқыс шығарылады. Оның 680 тоннасы осы полигонға жеткізіледі. Қалған бөлігі Қоянды мен Қабанбай батыр ауылдарындағы басқа полигондарға жөнелтіледі.

– Бізді алаңдатқан негізгі мәселе – сұрыптау деңгейінің төмендігі. Қоқыс полигонына түскен 680 тонна тұрмыстық қалдықтардың тек 3%-ы ғана сұрыпталыды. Қайта өңдеуге жарамды қалдықтар (пластик, қағаз-картон, шыны, металл және аралас қаптамалар) өңделіп, қайта пайдаланылады. Ал 97%-ы арнайы ұяшықтарға көмілуде. Қоқыс сұрыптаушы мамандардың айтуынша, егер қалада қалдықтарды бөлек жинау жүйесі енгізілсе, бұл көрсеткішті едәуір арттыруға болар еді. Полигонның жобалық сыйымдылығы – 2 млн тонна. Қазіргі таңда оның 99%-ы толған. Қосымша 200 мың тонна қалдық қабылдау мүмкіндігі бар, алайда бұл орын 2025 жылдың шілде айына дейін ғана жетеді, – дейді бұл туралы депутат Мадина Әжкенова.

ЕРЛІККЕ АРНАЛҒАН КӨРМЕ

Биыл Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 80 жыл толып отыр. Осыған орай ҚР Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Әскери-тарихи музейінде «Еуропада етігімен су кешкендер» көрмесі ашылды.



Көрме Еуропа елдеріндегі партизан қозғалыстарына қатысқан қазақстандық жауынгерлерге арналған. Экспозицияда олардың жеке заттары,

құжаттары, фотосуреттері және басқа да жәдігерлері қойылған. Іс-шараның ашылу салтанатына Францияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше

және Өкілетті Елшісі Сильван Гиоге, Францияның Қазақстандағы әскери атташесі полковник Роберт Аземанн, «Қарулы Күштер ардагерлері» төрағасы-

ның орынбасары отставкадағы генерал-майор Марат Нагуманов, Ауған соғысының және Астана қалалық «Ардагерлер кеңесі» мүшелері, әскер қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері қатысты.

Ал шараға қатысқан Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің бастығы полковник Фархат Құрманғажинов осындай көрме арқылы біз жастарды отаншылдыққа тәрбиелеп, бейбітшіліктің қадірін білуге үндей алатындығымызды айтады.

«Көрме – келушілерге фашизмге қарсы қозғалысқа қазақстандықтардың ауқымды түрде қатысқаны туралы кең көлемде ақпарат береді. Шынығында сол соғысқа қатысқан біздің жерлестеріміз соңына дейін өздерінің әскери анттарына адал болды. Француз партизандарының құрамындағы әскери қимылдар кезінде олар батылдық пен ерліктің бұрын-соңды болмаған үлгісін көрсетті. Бүгінгі іс-шаралардың арқасында біз болашақ Отан қорғаушыларды тәрбиелейміз, оларға болашақ ұрпаққа біздің тарихымызды ұмытпауға, батырларымызды құрметтеуге және құрметтеуге өсиет етеміз!» деді департамент бастығы.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ТЕГІН КӨРСЕТІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіруге ерекше назар аударды. Осыған байланысты қала әкімдігінде МӘМС жүйесі және кепілдендірілген тегін медициналық көмек тізімі туралы мәселелер талқыланды. Аталмыш жиын қала әкімінің орынбасары Ерік Мейірхановтың төрағалығымен өтті.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Қазіргі уақытта қала тұрғындарының саны 1,5 миллион адамды құрайды, олардың арасында сақтандырылмағандар – шамамен 244,7 мың адам (16,1%). «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» АҚ Астана қала-

сы филиалының директоры Гүлжан Тұрарқызы осы сақтандырылмаған азаматтармен жүргізілетін жұмыстың барысымен таныстырды.

«Медициналық ұйымдар әкімдіктермен бірлесіп, сақтандырылмаған азаматтардың әлеуметтік мәртебесін актуализациялау және осы ақпаратты мемлекеттік кірістер органдарына, жұмыспен қамту басқармасы мен ӘМСҚ

филиалына жіберу бойынша жедел жұмыс жүргізуі керек. Мемлекеттік кірістер департаменті жұмыспен қамту саласында бейресми жұмыс істейтін азаматтар арасында кәсіпкер ретінде тіркелу қажеттілігі туралы ақпараттық жұмыстарды күшейткені абзал. Ал Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы жұмыссыз азаматтарға тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын

жүргізіп, жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етуі керек. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы «Е» және «D» санатындағы сақтандырылмаған азаматтарды тарту бойынша жұмысты жалғастыратын болады» деп мәлімдеді.

Бұған дейін Президент тапсырмасымен 2027 жылға дейін МӘМС жүйесіне өзгерістер енгізу жоспарланған болатын. Бастапқы пакетке әлеуметтік маңызы бар 12 аурудың диагностикасын кезең-кезеңімен енгізу ұсынылды. Медициналық тексерулерге қолжетімділік азаматтардың сақтандыру мәртебесіне қарамастан ашық болады.

Кепілдендірілген тегін медициналық көмек ел азаматтарына, қандастарға, босқындарға, елімізде тұрақты тұратын шетелдіктерге (және тұруға ықтиярхаттары барларға), сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғаларға, елімізде тұрақты тұратындарға (және тұруға ықтиярхаттары барларға) қолжетімді. Сонымен қатар, Қазақстанда уақытша жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар, баспана іздеп жүрген адамдар қоршаған ортаға қауіп төндірмейтін аурулар бойынша тегін көмек ала алады. Маңыздысы, кепілдендірілген медициналық көмек сақтандыру мәртебесіне қарамастан көрсетіледі.

Астана қаласы тұрғындарының назарына! Құрметті елорда тұрғындары!

Астана қаласының мәслихаты 2025 жылғы ақпанның екінші онкүндігінде «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кешенді тәсілдемесі» тақырыбына жария тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдаулардың қарауына енгізілген мәселе бойынша ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды Астана қаласы мәслихатының аппаратына 55-66-36, 55-66-31 телефондары және astana@maslihat01.kz электрондық поштасы арқылы жолдауларыңызды сұраймыз.

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2024 жылғы IV тоқсанда
төменде көрсетілген аудиторлық ұйымдарға
лицензиялар берілді

№	Аудиторлық ұйымдар атауы / Наименование аудиторских организаций	Лицензия нөмірі және берілген күні / Номер лицензии и дата выдачи	Заңды мекенжайы / Юридический адрес
1	«Юр-Аудит Групп» ЖШС / ТОО «Юр-Аудит Групп»	№ 24031782 30.10.2024ж. / № 24031782 от 30.10.2024г.	Астана қ., Сығанақ көшесі, № 54 А үйі / г.Астана, улица Сығанақ, дом № 54 А
2	«ALL-Audit» ЖШС / ТОО «ALL-Audit»	№ 24031927 01.11.2024ж. / № 24031927 от 01.11.2024г.	Астана қ., Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, № 2/1 үй, 49 пәтер / г.Астана, район Сарыарқа, улица Желтоқсан, дом № 2/1, квартира 49
3	«SunCo Audit» ЖШС / ТОО «SunCo Audit»	№ 24034380 03.12.2024ж. / № 24034380 от 03.12.2024 г.	Алматы қ., Достық даңғылы, № 138 үй, 279 / г.Алматы, Проспект Достық, дом № 138, 279
4	«Alga Audit» ЖШС / ТОО «Alga Audit»	№ 24035991 23.12.2024ж. / № 24035991 от 23.12.2024г.	Алматы қ., «Алмалы» ауданы, Қарасай батыр, №326 үй, 128 пәтер / г.Алматы, Алмалинский район, улица Карасай батыра, дом № 326, квартира 128
5	«Profit-Nur AUDIT» ЖШС ТОО «Profit-Nur AUDIT»	№ 24036277 26.12.2024ж. / № 24036277 от 26.12.2024г.	Астана қ., «Нұра» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, № 5/1 үй / г.Астана, район «Нұра», Проспект Қабанбай Батыр, дом № 5/1
6	«ЕЛ-АУДИТ» ЖШС / ТОО «ЕЛ-АУДИТ»	№ 24036571 30.12.2024ж. / № 24036571 от 30.12.2024г.	Ақмола обл., Қосшы қ., Алтай көшесі, № 43 үй / Ақмолинская обл., г. Косшы, улица Алтай, дом № 43

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2024 жылғы IV тоқсанда
төменде көрсетілген аудиторлық ұйымдардың лицензияларының
қолданысын тоқтатты

№ п/п	Аудиторлық ұйымдар атауы / Наименование аудиторских организаций	Нөмірі және берілген күні / Номер лицензии и дата выдачи	Тоқтату күні / Дата прекращения
1	«Hi-Tech Audit» ЖШС / ТОО «Hi-Tech Audit»	№ 21028755 08.10.2021ж. / № 21028755 от 08.10.2021г.	02.10.2024ж. / 02.10.2024г.
2	«Аудит-Проф & К» ЖШС / ТОО «Аудит-Проф & К»	№ 22017217 19.09.2022ж. / № 22017217 от 19.09.2022г.	02.10.2024ж. / 02.10.2024г.
3	«НМ аудит» ЖШС / ТОО «НМ аудит»	№ 18003078 14.02.2018ж. / № 18003078 от 14.02.2018г.	08.11.2024ж. / 08.11.2024г.
4	«SAT Audit Company» ЖШС / ТОО «SAT Audit Company»	№ 19001849 29.01.2019ж. / № 19001849 от 29.01.2019г.	20.11.2024ж. / 20.11.2024г.
5	Тәуелсіз Аудиторлық Компаниясы «НУР» ЖШС / ТОО Независимая аудиторская компания «НУР»	№ 0000210 29.12.2001ж. / № 0000210 от 29.12.2001г.	29.11.2024ж. / 29.11.2024г.
6	«MRS-Audit» ЖШС / ТОО «MRS-Audit»	№ 22021938 23.11.2022ж. / № 22021938 от 23.11.2022г.	10.12.2024ж. / 10.12.2024г.
7	«НАЗ-АУДИТ» ЖШС / ТОО «НАЗ-АУДИТ»	МФЮ-2 №00000079 22.04.2011ж. / МФЮ-2 №00000079 от 22.04.2011г.	26.12.2024ж. / 26.12.2024г.



ЗАҢСЫЗ АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУ ЖАЛҒАСУДА

Елімізде 2022 жылдан бері заңсыз иемделінген активтерді қайтарудың арқасында мемлекет кірісіне 2 трлн теңгеден астам қаржы түсті. Мемлекет басшысы «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында бұл қаражат мектептер, инфрақұрылымы маңызды нысандар салуға және басқа да әлеуметтік міндеттерді жүзеге асыруға бағытталатынын атап өтті. Қайтарылған активтер ел игілігіне жарап, қазіргі таңда 8 әлеуметтік маңызды инфрақұрылымдық нысан мен 18 мектептің құрылысын жүргізу жоспарланды.

Бұл активтерді басқаратын арнайы компания арнаулы мемлекеттік қорды толықтыру мақсатында оларды сатумен айналысады. Өткізу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін басқарушы компанияның барлық активі «е-қазына» мемлекеттік мүлік порталында кезең-кезеңімен сатылады.

– Бүгінде қайтарылған активтерді сату барысында 16 млрд теңгеге жуық ақшаны Арнайы шотқа жібердік. Оның ішінде 500 млн теңге біздің қайтарылған активтерді басқарушымыздың арқасында табылған. 12 млрд теңгеге жуық ақша сатылған активтерден түскен. Барлығы 10 әлеуметтік нысан салу жоспарланды. Оның бәрі алдымен бюджеттік рәсімдерден өтуі керек, құрылыс ақша түгелдей бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсынан өткеннен кейін салына бастайды. «е-қазына» мемлекеттік мүлік порталына әрбір қазақстандық тіркеліп, сатып алу аукционна қатысуына болады. Неге аукциондық тәсілмен сатылады? Себебі бұл бәсекелестікті қамтамасыз етеді,

егер аукционға ешкім қатыспай, актив сатылмайтын болса, онда оны өзіміз басқарамыз. Қазір біздің басқаруымызда Астана қаласындағы «Думан» қонақ үйі бар. Ол бізге үш ай ішінде дивиденд ретінде ақша түсіріп тұр. Бұл ақшаның бәрі Арнайы қорға жіберіледі. Сатып алушыларға қойылатын талаптар – кепілдік салымды 15 пайызбен төлеуі, ҚР азаматы болуы, ЖШС немесе кәсіпкер ретінде тіркелуі қажет. Арнайы шот болғаннан кейін қор жұмысын ҚР Қаржы министрлігі бақылайды. Ақшаның бөліну рәсімі бюджеттік комиссиядан өтеді. Ол ақша жергілікті әкімшілік органдардың күнделікті шығындарына қолданылмай, мемлекеттік органдарға несие ретінде берілмеуі тиіс. Сонымен қатар әлеуметтік нысандар салу сол салынатын жердің тұрғылықты азаматтары көтерген мәселе болуы, БАҚ-та және әлеуметтік желілерде көтерілген болуы керек, – дейді «Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» ЖШС Бас директоры Қуанышбек Мұқаш.

2023 жылы шілде айында

«Заңсыз иемделінген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң қабылданды. Алайда бұл жұмыстар оған дейін бір жыл бұрын басталып кеткен болатын.

– Аталған заңда осы мәселе бойынша нақты талаптар көрсетілді, критерийлері белгіленді. Себебі мемлекеттің азаматтары өзінің меншігі бойынша қорғалуы керек. Ал сыбайлас жемқорлықпен заңсыз алынған активтер мемлекетке, халыққа қайтарулы тиіс. Мұндай активтерге сыбайлас жемқорлық схемасымен жұмыс істегендер Қазақстан азаматтарының қаржысы есебінен ие болды, сондықтан олардан қайтарылған қаржы тіке халықтың өзіне, азаматтар игілігіне жұмсалыуы қажет. 2022 жылдан бері нысандар салу сол салынатын жердің тұрғылықты азаматтары көтерген мәселе болуы, БАҚ-та және әлеуметтік желілерде көтерілген болуы керек, – дейді «Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» ЖШС Бас директоры Қуанышбек Мұқаш.

кетеді. Сол себепті заңсыз активтерді қайтарулы мемлекеттің бұл қаржыны әлеуметтік бағытқа қосымша құюына мүмкіндік берді. Соның жарқын көрінісі – «Жайлы мектеп» жобасының жүзеге асырылуы. Олардың көп бөлігі бүгінде салынып бітіп, халық игілігіне берілуде. Осылайша әділеттілік қағидаты салтанат құруда, сондықтан бұл дұрыс шешім болды. Бұл ретте елімізде жүргізіліп жатқан Жалпыға бірдей декларациялау да оң нәтижесін береді. Олардың көп бөлігі бүгінде салынып бітіп, халық игілігіне берілуде. Осылайша әділеттілік қағидаты салтанат құруда, сондықтан бұл дұрыс шешім болды. Бұл ретте елімізде жүргізіліп жатқан Жалпыға бірдей декларациялау да оң нәтижесін береді.

ҚР Бас прокуратурасының Активтерді қайтару жөніндегі комитетінің төрағасы Нұрдәулет Сүйіндіковтің айтуынша, активтер ерікті түрде қайтарылады, олай етпегенде мәжбүрлі түрде қайтарулы мүмкін. Қайтарылған активтердің ішінде тұрғын үйлер және коммерциялық жылжымайтын мүлік, өндірістік база, тұрғын емес үй-жайлар, заңды тұлғаның жарғылық капиталдарына қатысу үлесі, аяқталмаған құрылыс, жер учаскелері, жылжымайтын мүлік объектісінің тауарлық-материалдық құндылықтары мен негізгі құралдары мен зергерлік бұйымдар да бар. Активтердің дені Астана мен Алматы өңірлерінен қайтарылған. Жер қойнауына, өнеркәсіпке қатысты активтер елдің әр өңірінен қайтарылады. Активтердің қайтаруы уақыты олардың қарапайым немесе күрделі болуына байланысты 1-2 айдан 5-6 айға дейін созылады.

КӘСІПКЕРІ КӨП ҚАЛА

Бүгінде Астана экономикасының мөлшері шамамен 13 трлн теңгені құрайды, бұл ел экономикасының 10 пайызына жуығы «Атамекен» ҰКП Астана филиалы салалық кеңесінің төрағасы, «Ақдениз Трэйд» ЖШС директоры Дархан Шілдебаевтың айтуынша, қалада тіркелген компаниялар саны 100 мыңға жуықтайды, бұл да ел бойынша тіркелген компаниялардың 20 пайызын құрайды. Кәсіпкер осындай көрсеткіш елорданың республикадағы маңызды іскерлік орталыққа айналғандығының белгісі деп санайды.



– Астана елорда болғалы бері қарқынды түрде дамып, өркендеп келеді. Сөзсіз қалада құрылыс маңызды сала болып қала береді, компаниялардың басым бөлігі сол салаға тиесілі. Сонымен бірге басқа қалалардағыдай елордада да сауда саласы жақсы даму үстінде, – дейді спикер.

Одан қалада кәсіпкерліктің дамуына қандай кедергілер бар деп сұрады. Өзі де осы саланың тәжірибелі өкілі ретінде ол бірнеше факторларды атап айтып берді.

– Астанада кәсіпкерлік, бизнес саласын дамытудағы басты кедергілер – рұқсат құжаттарын алуға және арзан қаржыландыруға қолжетімділіктегі қиындықтар, яғни елорда әлі де елдің қаржы орталығына айнала алмай отыр. Сонымен қатар инфрақұрылыммен байланысты мәселелерді атап өтер едім, мәселен, кеңсе кеңістіктерінің жетіспеушілігі, қойма ғимараттарының тапшылығы бар. Сондай-ақ кадр мәселесі де өзекті, елде сапалы кадрлар жетіспейді, – дейді ол.

Д.Шілдебаевтың айтуынша, шетелдік компаниялар үшін елорданы инвестициялық тұрғыда тартымды ететіні – елшіліктер мен Астана халықаралық қаржы

орталығының осында орналасуы. Сонымен бірге елорданың Ресейге жақындығы да сол көршілерге Астанаға релокация тұрғысынан үздік орындардың біріне айналдырды.

Маманнан Астанада кәсіпкерлікті дамыту үшін тағы не істеу керектігін сұрады.

– Мына бағыттарда жұмыстар жүргізген жөн: инфрақұрылымды жақсарту, яғни бизнесті қолдау үшін көліктік және коммуналдық инфрақұрылымды дамыту керек. Сонымен қатар кадрлардың білімін арттырып, дайындау үшін білікті мамандар әзірлеуге арналған оқу бағдарламасын жасау қажет. Бизнес процестерге заманауи технологияларды енгізіп, стартаптарды қолдау, әкімшіліктік рәсімдерді қысқартып, кәсіпкерлер үшін бюрократиялық кедергілерді азайту керектігін айтып келеді. Бұл шаралар елорданың тұрақты экономикалық дамуына қолайлы жағдай жасайды, – дейді Д.Шілдебаев.

Осы мақсатта «Атамекен» ҰКП елорда филиалы тарапынан белсенді жұмыстар жүргізіліп, палата жанынан бизнеске тікелей ықпал ететін кеңестер құрылуда.

Дайындаған Райхан РАХМЕТОВА

БІЛІМ САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана халықаралық университетінің педагогикалық колледжінде мектепке дейінгі білім беру жүйесін цифрландырудың өзекті мәселелеріне арналған XVIII қалалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Индира БЕРЖАНОВА

«Мектепке дейінгі ұйымдардағы цифрландыру: сын қатерлер мен перспективалар» атты XVIII қалалық ғылыми-практикалық конференциясы мектепке дейінгі ұйымдарда цифрлық технологияларды қолданудың қазіргі тенденциялары мен перспективаларын талқылау, мектеп жасына дейінгі балалардың білім беру үдерісі мен дамуының сапасын арттыру үшін цифрлық құралдарды енгізудің тиімді стратегияларын әзірлеу, педагогтардың, ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйымдар әкімшілігінің өзара әрекетін оңтайландыруға бағытталды.



Конференцияға 250-ден астам университет ғалымдары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушыла-

ры, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары мен тәрбиешілері қатысты. Жиын барысында бірқатар баяндама-

лар тыңдалып, ұсыныстар ортаға салынды.

«Биыл Жұмысшы мамандықтарының жылында» кәсіптік білім беру ұйымдарының алдында негізгі міндет – қарқынды түрде сапалы білім беру, білікті жас мамандарды тәрбиелеу. Колледж студенттері мектепке дейінгі ұйымдарда тәжірибеден өтіп, жұмысқа орналасуда. Сондықтан да білім беру саласын цифрландыру мәселесі өзекті. Балабақшаларда цифрлы платформаларды қолдану, анимациялық тұрғыда түрлі жобаларды қолға алу бастамасы енді жасалынып жатыр. Секциялық отырыстар барысында елордалық «Қарлығаш» және «Мирас» балабақшаларының тәжірибесі негізге алынды» деді өз сөзінде Астана халықаралық университетінің педагогикалық колледжіннің директоры Ардақ Әділжанов.

Елорданың Есіл ауданында қоғамдық орындарда кальян шегудің алдын алу мақсатында кезекті түнгі рейд жүргізілді. Профилактикалық шараны Астана ауданы әкімдігінің қызметкерлері полиция басқармасымен бірлесіп ұйымдастырды.

КАЛЬЯН ШЕККЕНДЕР ЖАЗАЛАНДЫ

«Екі ойын-сауық мекемесінде заң бұзушылықтар тіркелді. Олардың әрқайсысында заңсыз кальян шегудің бір дерегі анықталып, әкімшілік хаттамалар толтырылды» дейді полиция аға лейтенанты Жұлдыз Михин.

Кальян шегетіндерге ҚР ӘҚБтК-нің 441-бабы бойынша айыппұл салынды. Мұндай рейдтер қаланың барлық ауданында елорда тұрғындары мен қонақтары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Айта кетейік, қоғамдық орындарда кальян шегуге тыйым салуды енгізу туралы қаулы 2013 жылдың 14 наурызында күшіне енген болатын. Заң бұзғандарға 15 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Қайталап бұзғаны үшін – 20 АЕК. Ал мекеме иелеріне 20-дан 60 АЕК-ке дейін айыппұл салынады.

ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕНЕЙІК, КӨШТЕН ҚАЛМАЙЫҚ!

(ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗ КҮНІНДЕГІ ҰЛЫҚТАРҒА АРНАУ СӨЗ)

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ТІЛШІЛЕРДІҢ ТІРЛІГІН КӨЗІМЕН КӨРСЕ...

Баспасөздің беделі, жазбаша мәтіннің маңызы ешқашан төмендемейді. Жыл басында «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жазбаша мәтіндердің мән-маңызын төмендетуге болмайды. Мерзімді баспасөз бәрібір мемлекеттік саясаттан хабар беретін маңызды ақпарат көзі болып қала береді. Менің болмыс-бітімім талдау жасауға бейім. Сөйлейтін сөздерімнің, мәлімдемелерімнің, тіпті жолдағын хаттарым мен жеделхаттарымның мәтінін де өзім мұқият қараймын» деп басылымдардың қоғамдағы алатын орнын нақты мысалымен көрсетіп берді. Президент сол жолғы сұхбатын «Ана тілі» газетіне беру арқылы еліміздегі журналистиканың тірегі саналатын қазақ тіліндегі медиаға қолдау көрсеткісі келгенін ашық айтты. Қош делік. Алайда, Президенттің өзі қолдап отырған қазақ баспасөзінің бүгінгі хал-ахуалына келгенде тілімізді тістеп қалатынымыз анық. Мұның себептері көп. Мардымсыз жалақымен ай сайын жан бағып жүрген журналистер – нағыз еңбек адамы емей кімдер?! Газетте кадрлардың тұрақсыздығы деген мәселе де бар. Мұның ең бірінші себебі – жалақының аздығы. Газетке жақсы оқылатын, еркін ойлы мақала жазылуы үшін қаламақы төлеуі керек. Дұрыс, әділ қаламақы саясатын жүзеге асыратын кез кезді. Жауапты ведомство газет тілшілеріне қаламақы төлеудің нақты жолын көрсетіп, тілекші болып кетсе, қалам ұстаған қауым содан да бір желпініп қалар еді. Соңғы жылдары ұстаздар мен дәрігерлердің (басқа мамандық иелері де солай) еңбек ақысы бірнеше есеге көтеріліп, журналистердің жалақысы сол күйінде қалды. Соның салдарынан кәсіби журналистер бизнеске кетіп жатыр. Сол себепті, журналистердің шығармашылық жұмысын бағалап, ізденісін арттыратын «қаламақы белгілеуді» заңдық тұрғыда бекіту керек.

ЖАҚСЫДАН НЕГЕ ҮЛГІ АЛМАЙМЫЗ?

«Айта-айта Алтайды, Жамал апа қартайды» дегендей, айта-айта ауымыз талған мәселенің бірі – баспасөзге мемлекеттік тапсырыс беру саясатын өзгерту. Біз жайшылықта баспа БАҚ-тағы контент сапасын өзгерту туралы жиі әңгіме айтамыз, баяндама жасаймыз. Құр сөзден іске көшудің тіке жолы – мемлекеттік тапсырыс беру жүйесін өзгерту. Мысалы, газет-журналдарға мемлекеттік тапсырыстың ақшасы тек сараптамалық мақала, журналистік зерттеу, сараптамалық шолу сияқты материалдарға ғана берілсін. Баспа басылымдар заманауи жаңа форматтарға көшуі үшін барлық газет-журнал редакциясына мультимедиялық форматты дамытуға талап қойылысын. Сонда іс оңға басып, сапалы контент пайда болады. Олай болмаған жағдайда, газет оқырмандарының саны азая береді. Өзіңіз ойлаңызшы, бір депутаттың Президенттің Жолдауына қатысты айтыла-айтыла жауыр болған арзанқол пікірін оқығанша, автокөліктердің бағасына қатысты жазылған терең сараптамалық мақаланың

2 ақпан – Ұлттық басылым күнін биыл екінші рет атап өтеміз. Шынын айтсақ, осынау ұлт, ел үшін маңызы зор, мәртебелі мерекенің мәнісін әлі терең түсіне алмай жүрміз. Егер түсінетін болсақ, қазақ үшін қай заманда да баспасөздің қажет екеніне көзімізді жеткізер едік. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының осыдан 112 жыл бұрын, «Қазақ» газетінің №1 санында жазған: «Дүниенің төріне қызыққандар төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай, төрге тырмысалық, басқалар төрге қарай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік. Басқалардың заманға қарай өтіп бара жатқан амалын көруімізге бізге газет-журнал керек» деген сөзін қаперімізден шығармас едік.



Газетке жақсы оқылатын, еркін ойлы мақала жазылуы үшін қаламақы төлеуі керек. Дұрыс, әділ қаламақы саясатын жүзеге асыратын кез кезді. Жауапты ведомство газет тілшілеріне қаламақы төлеудің нақты жолын көрсетіп, тілекші болып кетсе, қалам ұстаған қауым содан да бір желпініп қалар еді. Соңғы жылдары ұстаздар мен дәрігерлердің (басқа мамандық иелері де солай) еңбек ақысы бірнеше есеге көтеріліп, журналистердің жалақысы сол күйінде қалды

оқырман қайсысын таңдайды? Әлбетте, екіншісін.

Менің ойымша, шығармашылық ұжымдарды қолдауды мемлекеттік тапсырыс есебімен емес, Әзербайжандағыдай ірі-ірі мұнай компаниялары қаражатынан қор қалыптастыру арқылы қаржыландыру керек. Сонда ғана журналистер елдің дамуына шынайы үлес қосып, қоғамда әділеттілік принциптері салтанат құрады. Қазақ баспасөзінің дәл бүгінгі жағдайы қайыр сұрағанмен тең. Әзербайжанды мысалға алдық қой. Бізбен бауырлас ел, міне,

150 жыл бойы Ұлттық басылым күнін шынайы, әділ атап өтіп келеді. Жыл сайын 22 шілде күні Әзербайжанда журналистер Ұлттық басылым күнін асыға күтеді. Әділетті басшы Ильхам Әлиев ең алдымен БАҚ өкілдерінің әлеуметтік пакетіне назар аударады. Барлық медиа мамандарға біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Ең бастысы, баспанасыз жүрген БАҚ өкілдеріне үй беріледі. Бұған дейін журналистерге арналған екі үлкен үй берілсе, тағы үшіншісі салынып жатыр. Осындай тамаша үрдісті қырғыздар да қолға алды. Бір қуанарлығы, бұл оң тәжірибе Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда да жүзеге асырыла бастады. Үкіметтен үй алатындар қатарына «Астана ақшамы» газетінің қызметкерлері де кіретін күн туса, бәріміз үшін зор қуаныш болар еді. Бұдан бөлек, журналистердің кәсіби қызметін атқару кезіндегі құқығы мен бостандығын қорғау, жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәсіби білімі мен білігін арттыруға барынша қолайлы жағдай жасау деген мәселелер бар. Жоғары оқу орнында оқып жүрген студенттерді оқыту, медиа маманы етіп дайындауға қатысты да құзырлы министрлік ештеңе жасаған жоқ. Тым болмаса студенттерге сапалы мәтін жазып үйретуді бір жолға қоятын уақыт әлдеқашан жетті.

БАСПАСӨЗ БЕН ЖАСАНДЫ ЗЕРДЕНІҢ ТЕКЕТИРЕСІ БОЛА МА?

Жасыратыны жоқ, қазір цифрлық медиа баспасөздің жағдайын одан әрі ушықтырып жіберді. 4 жас пен 75 жас аралығындағы ақпарат тұтынушылардың 95 пайызы интернеттегі, әлеуметтік желілердегі медиа өнімдерді тұтынатын заман келді. Жасанды технологияның есік қағып тұрғаны анау. Қазір екі адамның бірі: «Жасанды зерде

журналистің қызметін атқара ала ма?» деген сауалды қояды. Халықаралық сарапшылардың 74 пайызы жасанды зерде (ЖЗ) газет редакцияларына жұмыс өнімділігін арттыруға, журналистердің толық шығармашылық қызметпен айналысуына мүмкіндік туғызады деген пікірде. Reuters Institute-тың әлемдегі 40 мемлекетте жүргізілген әлеуметтік зерттеуіне қатысқан медиа индустрияның 135 көшбасшысының ой-пікірі осыған саяды. Ең бастысы, барлық үдерістің ортасында адам баласы тұрады. ЖЗ саласындағы шетелдік сарапшы, NYT-тің редакциялық директоры Зак Сьюардтың пайымдауынша, ЖЗ адамға ақпаратты іздеу мен жүйелеуге, мәліметтерді талдауға көмектеседі, бірақ ол әрқашан адамның бақылауымен жұмыс істейді. Лондондағы экономика мектебінің JournalismAI зерттеу жобасының жетекшісі, профессор Чарли Беккет заманауи технологиялардан таңғалатындай ғажаптыр күтудің қажеті жоғын айтады. «Бұған дейін адам қолымен жазылып келген мәтіндерде қате көп болатын. Біз мәтінді өңдеп, редакциялап шыққаннан кейін сапа жақсарды. Жасанды зердеге қатысты да жағдай тура сондай. Өндесек сапалы өнім шығады» дейді ол. Кейбір түймелейді түйеді етіп жеткізгісі келіп тұратын блогерлер жазып жүргендей, ЖЗ сот болып жатқан залға кіріп, күдікті адамнан сұхбат ала алмайтыны анық. Ол мектептегі атыстан зардап шеккен баланың ата-анасымен де жедел тіл қатысып, оқырманның сеніміне кіре алмайтыны бесенеден белгілі. Өйткені осы үдерісті адам басқарып отырады. ЖЗ алдағы уақытта жұмыс орындарының қысқаруына ықпал ететіні сөзсіз. Сайып келгенде, цифрлық технологиялардан қорқып-үрқудің керекі жоқ. Сол технологияны өз өмірімізге пайдалы ету, жұмысымызды жеңілдету, біліктілігіміз бен сауатымызды арттыру жағын ойласақ, ұтылмайтынмыз анық.

КЕЗЕКШІ ТОПТАРҒА БІРІКТІРУ – ДҰРЫС ШЕШІМ

Астана қаласында 68706 баланы қамтитын 580 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Оның 100-і мемлекеттік балабақша болса, 477-сі және 3-еуі – ведомстволық. Жалпы 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту деңгейі 81 пайызды құрайды («Ойыншықтан «от» шықпасын», «Астана ақшамы»).

Астана қаласы Білім басқармасының ақпаратынша, 2030 жылға дейін 60 мемлекеттік балабақша салу жоспарланған. Осындай кешенді жұмыстар арқылы балабақшадағы орын тапшылығы мәселесін шешу жоспарланып отыр екен (бас қалада 2029 жылға дейін 60 балабақша салынады). Расында, елорданың әкімшілік территориясы кеңейіп, халық саны жыл сайын артып, сонымен бірге әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту – балабақша, мектеп, мәдениет және спорт кешендерін салу міндеті туындап тұр. Бұл – үлкен мәселе.

Менің айтағым басқа мәселе. Дұрысы, астаналықтардың талап-тілегі тұрғысында қарастырғым келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік және бюджеттік қызметте ең көп жұмыс істейтіндер – астаналықтар. Астана қаласындағы мемлекеттік қызмет саласында 4 мыңға жуық азамат жұмыс істесе, бюджеттік мекемелерде 100 мыңдап саналады. Қазір көп отбасылардағы ата-аналар, яғни ері де, әйелі де жұмыс істейді. Онсыз Астанада өмір сүру оңай емес. Жұмыс уақыты – таңғы сағат 9:00-ден кешкі 18:00-ге дейін. Бұл – барлық мекемелерге қойылатын ортақ талап. Содан кейін баласын балабақшадан алу үшін қызметкерлер күнделікті жұмыстан ерте кетуге сұранады. Ондай адамдардан жұмыс өнімділігін қалай талап етуге болады?! Ең қиыны, дәл осы уақытта елордада жол кептелісі күшейіп, көлікті тізгіндегендер балабақшадағы баласына ертерек жету үшін асығыс айдайды. Соның салдарынан жол-көлік оқиғасы орын алып жататыны тағы анық. Енді біз көтергелі отырған мәселені мән-маңызы ашыла түскендей. Ата-аналар кешкі сағат 18:00-де жұмыстан шықса, балабақшалар 18:00-ге дейін жұмыс істейтін болса, онда біздің балаларымыз қараусыз қалады деген сөз. Балабақшалар көп жағдайда сабилерді қарауылдың қасына қалдырып кетеді. Бұл дұрыс па? Біздіңше, тиімсіз тетік, орынсыз шешім. Дұрысы, ата-анасы жұмыс істейтін балаларды кезекші топтарға біріктіріп, кешкі сағат 19:00-ге дейін қараса дұрыс болмай ма? Мұндай тәжірибе Астана қаласындағы кейбір балабақшаларда бар. Кешкі уақыттағы кезекші топтарды елордадағы барлық балабақшада ұйымдастыру керек деп санаймыз. Мұндай қадам баласына алаңдаған ата-ананың жұмысын жеңілдететін еді. Біздің мемлекеттің басты құндылығы адам болса, онда адамдарымызға ыңғайлы жағдай қалыптастыра білуіміз маңызды. Біздіңше, ниет болса, ынта болса, бұл мәселені Оқу-ағарту министрлігі ішкі ережелері арқылы реттеуіне әбден болады деп ойлаймыз. Сондықтан министрден дұрыс шешім қабылдауын сұраймыз.

Дәулет МҰҚАЕВ,
Мәжіліс депутаты



ЖЕКЕ ҚОРЛАР АЯҚАСТЫ ҚАЛМАСЫН

Кешегі күннің жаңалығы тарихқа айналып жатқанда, мұрағаттар – жай ғана құжаттардың жиынтығы ғана емес, ізденген адамға жоғы алдынан шығатын, өткеннің құпиясын бүккен тарихи көмбе. Кешегісін ұмытқанның болашағы бұлдыр екені көбімізге белгілі. Ел жаңарып, ұрпақ ауысқан сайын өткеніміздің құпия сырларын білгісі келетін ұрпақтар табылады. Өткен ғасырдың 60-жылдары жазушы Ғабиден Мұстафин ақын Шортанбай Қанайұлының өмірбаянын көзі тірі туыстарынан жазып алған екен. Қазақ ғылымы үшін қымбат дүниенің ұштығын таппай отырмыз.



Айгүл
УАИС

Шортанбай мұрасының бірсыпыра қолмен көшірілген қолжазбалары Алматыдағы М.Әуезов атындағы өнер және әдебиет институтында, орталық кітапханада сақталған. Кез келген мұрағат болсын, кітапханалар болсын өз қорларын тізімдеп есепке алып, түгендеп,

түптеп жатады. Осы ретте көне жазуды оқи алатын мамандардың жоғынан, бұрынғы каталогта көрсетілген реттік тізімді сақтамағандықтан, кейінгі тізім бұрмаланып, іздеушісі санын соғып қалады. Бұл да басымызда болған жайт еді.

Осы күнгі жоғары оқу орындарының түлектері, магистрлары мұрағаттардан жоқ іздеуге тартынатын сияқты. Тартына-

тындай бар, өйткені болашақ тарихшы, әдебиетшілер ескі шағатай тілін білмейді, араб-парсы туралы сөз жоқ. Бергі тарихтың мұрағатын қарастырғанымызда, Алматыдағы орталық мұрағат алдымен арнайы кітабын ұсынады. Онда қандай қорда құжат барын, кімнен түскенін, не жазылғанын қысқаша сипаттап берген. Бұл – барлық мұрағатта болуға

тиіс дүние, алайда үлкен қаражатқа түсетін болғандықтан орындауы қиын шаруа. Екінші мәселе – кейбір мұрағаттарға екінші бірі барып зерттеуге рұқсат бермейді. Бұл, әсіресе, құпиялығын әлі де жоғалта қоймаған кеңес тұсындағы қуғын-сүргін құрбандарына қатысты құжаттар. Егер жекелеген адамдардың құжаттарын қарайтын болсақ, жай қарап шығуға туыстығын дәлелдеу керек, ғалым болуы шарт. Журналистер туралы сөз жоқ. Негізі, бұл тізімді өлкетанушылар мен журналистерді де қосып кеңейткен дұрыс болар еді.

Мұрағатшылар мұрағаттағы мол дүниені жамбасына басып отыра бергені де дұрыс емес. Бұл жабық мекеме емес. Зерттеушілермен жұмыс істеуден бөлек, қордағы бар құжаттарды бұқарамен бөлісудің амалын тапқан дұрыс. Бір жоқ екіншісін табады демекші, бәлкім, бір зерттеушінің іздеп жүрген дерегі келесі бір мұрағатта елеусіз жатуы әбден мүмкін. Бұл бір жағынан мұрағат ісіне

жан бітіріп, қоғам тарапынан қызығушылық оятып, болашақ зерттеушілерге жол ашар еді. Жас зерттеушілердің мұрағаттық зерттеулерге деген қызығушылығын ояту және сақтауда жоғары оқу орындарының оқытушылары мұрағатшылардың көмегіне зәру.

Тағы бір көкейде жүрген мәселе – дүниеден өткен ақын-жазушылардың жиған-тергенін іздеп жатқан мұрағатшылар бар ма деген сауалдың жауабы. Күні кеше дүние салған Мұхтар Мағауин ақын-жыраулардың шын жоқтаушысы еді. Ағамыздың қолында болған Шортанбай-Коншин мұрасына зерттеушілердің қолы қалай, қашан жететіні белгісіз. Белгісіз болатын себебі – мемлекет тарапынан жеке адамдардың қорларына қатысты іс-әрекет қарастырылмаған.

Әңгіміміз Шортанбай ақынның төңірегінде болған соң тағы да айта кетелік. Осыдан екі жыл бұрын дүние салған Кәмел Жүністеги тек жазушы-шортанбайтанушы ғана емес, өлкетанушы-шежіреші еді. Ағамыздың жасында Арқаның атақты күйлерін магнитофон таспасына жазып алған. Басқа да мұрасы қоғам игілігіне айналмай отыруының себебі – жоғары оқу орындарының диплом жұмысы, магистрлардың диссертация тақырыбына айналмауы. Содан да бір адамның ғұмыры кеткен мұрасын бірер жылдың

көлемінде ұрпақтары немесе жанашырлары игереді деп ойламаймыз.

Ескі жазбаларды сақтаудың тәсілі бар, қараңғы-жарығы бар, қолайлы ауаның режиміне сай құрғақ-ылғалдылығы да болады, соған сай келуі тиіс. Бұлар болмаған жағдайда, құнды дүниелер біржолата құрып кетуі мүмкін. Шортанбай мұрасына қатысты тағы бір құнды дүгігер – өз қолымен жазылған дүғасы жеке қорда сақтаулы тұр.

Әрине, әулеттің иелігіндегі құжаттарды мұрағатқа өткізу, өткізбеу – жеке шаруасы. Бүгінде мемлекет те оны сатып алу, сақтауға ынғалы болып тұрған жоқ. Дегенмен осы мұраларды тізімдеу, ғылыми маңызын сақтау, цифрландыру тұрғысында тұжырым болуы керек. Жазушылардың, ғалымдардың жеке мұрағаттарының ғылыми құндылығын анықтауда бұл құжаттарды мұрағатқа тапсыруды, сақтауды және пайдалануды ұйымдастыруда ынтымақтастық орнату қажеттігі бар. Өйткені бұл – ұлттық құндылықтарымыз. Оның күндердің күнінде қадірін білмейтіннің қолына түсіп, аяқасты болуы әбден мүмкін.

Орта ғасырларда француз ойшылы Вольтер «Өткенін білмеген бүгінгі де, болашағын да, өзін де білмейді» деген екен. Дұрыс сөз. Айналып келгенде, өзімізді танудың бір жолы мұрағат болса, оның да жұмысын жаңғырту керек.

АЙРЫҚША ПӘН

Музыка пәні оқушылардың алдыңғы біліміне қоса шығармашылықпен ойлауын, қиялын, елесін, есте сақтау қабілетін, назарын арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан музыка пәнінің мұғалімі пәннің мақсатын ескеріп, үлкен жауапкершілікті сезіне отырып, оқушылардың бойында ерекше білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға ықпал ете алады.

№106 орта мектебі музыка пәні мұғалімдері жасаған бағдарлама өте өзекті – бағдарлама қазіргі қоғамда ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға және мәдени мұраны сақтау қажеттілігіне толық жауап береді. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін музыка арқылы дәріптеу жастардың ұлттық санасын қалыптастыруда және рухани дамуына үлес қосуда маңызды рөл атқарады. Бұл тақырып қазіргі білім беру жүйесіндегі мәдениетаралық байланысты нығайту қажеттілігіне сәйкес келеді. Осы арқылы оқушыларды ұлттық әдет-ғұрыптарға жақындатып, музыкалық және эстетикалық қабілетін дамытуға әбден болады.

– Эксперименттік бөлімде қазақ әндерінің мазмұны мен олардың тәрбиелік мәнін терең талдау ұсынылады. Жұмыстың нәтижесін бақылау үшін жүйелі бақылау, сауалнама және шығармашылық тапсырмалар қолданылады. Музыка пәніндегі осы бағдарлама оқушылардың шығармашылық қабілетін ашып, танымдық белсенділігін арттыра түседі. Бағдарлама мазмұнында ұлттық-этнографиялық материалдарды ғылыми тұрғыда жүйелі түрде қолдану педагогикалық ғылыммен тығыз байланысты, – дейді жоба жетекшілерінің бірі Гүлсан Кеңшілікқызы.

– Бағдарлама музыкалық білім мен тәрбие беру ісінде мәдени мұраны сақтау және оны кейінгі ұрпаққа жеткізу мәселелерін шешуге үлес қосады. Мұнда әндердің мазмұ-

«Мұғалім – мектептің жүрегі». Мықты педагог, жақсы ұстаз – білім алушының жүрегіне жол тауып, арманына қанат байлататын құдіретті жан. Осы ретте негізгі пәндермен қоса оқушылар жақсы көретін бір пән бар, ол – музыка пәні. Бұл пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының шығармашылық қабілетін, эстетикалық-көркем талғамын, музыкалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Астана қаласы әкімдігіне қарасты №106 орта мектептің музыка пәні мұғалімі Гүлсан Жаманқараеваның «Музыка мен ұлттық салт-дәстүр: әндердегі әдет-ғұрып» атты айрықша авторлық бағдарламасы туралы ерекше айтуға болады.

МУЗЫКА ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ – ЕРЕКШЕ МАМАНДЫҚ



ны, құрылымы мен тәрбиелік аспектілері терең зерттелген. Мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету үшін ұсынылатын нұсқаулықтар мен жаттығулардың алгоритмі нақтыланған, – дейді Самал Жамалқызы бізбен әңгімесінде.

ЖҰМЫСТАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Музыка пәнінің мұғалімі психолог қызметін қатар атқарып, әрбір баланың ішкі жан дүниесін сезіп, шабыттанды-

дыру арқылы олармен жылы қарым-қатынас орната біліп, психологиялық жағымды орта қалыптастыра білуі маңызды. Бағдарламада жаңашылдық деңгейі жоғары. Оның себебі – қазақтың ғажайып халық әндерін оқу процесінде қолданып, ұлттық салт-дәстүрлердің саздық бейнесін түсіндіру тәсілдеріне негізделуінде жатыр. Әндер арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бейнелеу идеясы білім беру мазмұнына жаңа серпін береді. Сондай-ақ музыка пәні мұғалімдерінің айтуын-

ша, жұмыстың ішкі бірлігі мен әдіснамалық негізін бағалау өзекті. Бағдарлама мазмұны құрылымдық бірлігімен және ішкі логикалық байланысымен ерекшеленеді. Әр тақырыптың әдіснамалық негізі жүйелі түрде қарастырылған. Музыкалық өнердің этнографиялық және тәрбиелік аспектілеріне баса назар аударылады.

Музыка пәні мұғалімдерінің күнделікті сабағы барысында, жұмыс барысында қолданған осы әдіс-тәсілдері жемісті нәтижесін көрсетуде. Жұмыс-

“

Музыка пәнінің мұғалімі психолог қызметін қатар атқарып, әрбір баланың ішкі жан дүниесін сезіп, шабыттандыру арқылы олармен жылы қарым-қатынас орната біліп, психологиялық жағымды орта қалыптастыра білуі маңызды. Бағдарламада жаңашылдық деңгейі жоғары. Оның себебі – қазақтың ғажайып халық әндерін оқу процесінде қолданып, ұлттық салт-дәстүрлердің саздық бейнесін түсіндіру тәсілдеріне негізделуінде жатыр

P.S: Бүкіл өміріміз музыкамен тікелей байланысты. Қуанышымыз бен қайғымыз да, жеңістер мен жемістеріміз де – бәрі ән-күймен суреттелген. Осы орайда оқушы жастардың мектеп мұғалімдерінің ұлттық құндылықтарға бай бағдарламасы арқылы білім алуы қуантады.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



БҮКІЛ ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ПЕРЗЕНТІ

Астана қаласындағы Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназияда «Мұстафа Шоқай – бүкіл түркі жұртының перзенті» атты III халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Шапағат ӘБДІР

Астана қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы, Мұстафа Шоқай ғылыми орталығы бірлесе ұйымдастырған іс-шараның басты мақсаты – түркі халықтары азаттық қозғалысының көшбасшысы Мұстафа Шоқайдың 135 жылдық мерейтойына байланысты тарихи тұлғасына қатысты өзекті мәселелерді талқылап, оның аса мағыналы өмірі, сан салалы саяси қызметі мен шығармашылық мол мұрасы негізінде өскелең ұрпақты ұлттық рух пен отансүйгіштікке, қоғамдық белсенділік пен адамгершілікке тәрбиелеу.

Конференцияға шетелдің және еліміздің қоғам қайраткерлері, саясаткерлер, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің зерттеуші ғалымдары, Президент орталығының қызметкерлері, Мұстафа Шоқайдың ұрпақтары, журналистер, Қызылорда өңірінен іс-тәжірибе алмасушы ұстаздар және жас мұстафатанушы оқушылар қатысты.

Ең әуелі іс-шара қатысушыларға «Фотосуреттегі өмір» атты еш жерде бұрын жарияланбаған Мұстафа Шоқай мен Мария Шоқайдың жанұялық мұрағатынан алынған фотосуреттер презентациясын

көрсетуден басталды. Әрі қарай Мұстафа Шоқай атындағы мектеп музейінде «Мұстафа Шоқай заманы және қазіргі тәуелсіздік» атты әдеби қойылым көрсетілді. Іс-шараның шымылдығын ашып, сөз сөйлеген Астана қаласы мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменов Мұстафа Шоқайдың Қазақ мемлекеті тәуелсіздігі жолындағы күресіндегі рөлін, ұлт-азаттық қозғалысындағы үлесін жоғары бағалап, оның сол кездегі саяси және қоғамдық көзқарасының қазіргі Қазақстанда да өзекті екенін, оның еңбегін және идеясын заманауи қоғамда насихаттау қажеттігін атап өтті.

– Шын мәнінде, ұлтымыз басынан небір нәубетті кезеңдерді өткізді. Сол кезеңдерде де ұлтын ойлайтын ұлдарды туғыза алды. Ашаршылық жылдарындағы Алашорда ұлтшылдары, әсіресе, халықтың ауыр жағдайына бейжай қарамай, білім беру, мәдениет пен ұлттық сана қалыптастыру бағытында үлкен жұмыс атқарды. Олар ұлттық мемлекеттілікті құрудың негізін қалауға ықпал еткен ұлы тұлғалар еді. Тәуелсіз Қазақстанда Алашорда мен Мұстафа Шоқайдың мұрасын қайта жаңғырту біздің тарихи жадымызды сақтау мен болашақ ұрпаққа жеткізу тұрғысынан өте маңызды. Осы тұлғалардың арманын жоғары деңгейде ұстанып, олардың ұлттық болашағына деген көзқарасы мен еңбегін бағалай отырып, біз

бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның бірлігін нығайта аламыз. Өйткені Мұстафа Шоқай сол кездің өзінде Тұран идеясының дамуын, түркі әлемінің мәдени, саяси және экономикалық тұрғыдан бірлесуін армандады. Әрі ол осы арманын өз өмірі мен қызметінде дәлелдеп, тәуелсіздік пен еркіндік үшін күрескен тұлға ретінде тарихта қалды. Қазіргі Қазақстанда біз Шоқайдың сол арманын жүзеге асырып жатырмыз. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан халықаралық аренада өзінің егемендігін сақтап, ұлт бірлігін нығайту бағытында белсенді саясат жүргізуде. Бүгінгі жастар сол бабалардан қалған асыл аманаттың жолында аянбай еңбек етіп, ізденіп, білім алып, барынша өздерін сапалы ұлт қалыптастыра алатын ұрпақ дәрежесіне жеткізуі тиіс, – деді Әлихан Мұхамедияұлы.

Сондай-ақ Әлихан Байменов ұлы тұлға атындағы мектепке «Яш Түркістан» журналының топтамасын сыйға тартты. Басқа да танымал тұлғалар Мұстафа Шоқайдың ұлттық рухани болмысы туралы сөз сөйлеп, онлайн және офлайн форматта іс-шараға қатысып, зерттеуін баяндады. Мектеп оқушыларының ғылыми ізденістері мен шығармашылық жұмыстары тыңдалды. Іс-шара соңында қатысушылардың ғылыми еңбектері мен ізденіс жұмыстары енгізілген жинақ таратылып, қатысушыларға алғыс хаттар табысталды.

ЕСТЕЛІКТЕР КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Жуырда Парламент кітапханасында белгілі журналист, мәдениет қайраткері, 35 жыл ғұмырын мемлекеттік қызметке арнаған Жігіткер Тұмырзаұлы Байтілес ағамыз туралы естелік кітаптың тұсаукесері өтті. Басқосуға Мәжіліс депутаттары, бұрынғы шақырылым депутаттары, аппарат қызметкерлері, Ж.Байтілестің отбасы мүшелері, БАҚ өкілдері қатысты.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Салтанатты жиында төрт жыл бұрын мәңгілік мекеніне аттанған қарапайымдылықтың үлгісіндей болған Жігіткер ағамыз туралы әріптестері, замандастары, жерлестері, артында қалған балалары жантебіренерлік естеліктер айтты.

«Жігіткермен Мәжілісте

ұзақ жыл әріптес болған белгілі ақын, журналист Айбатыр Сейтақ осы кітапты құрастырып, жарыққа шығуына Ирак Елекеев қолдау жасапты. Мәжіліс төрағасы Ерлан Қожановтың жанашырлығымен жарыққа шыққан жинақта Жігер Тұмырзаұлы туралы жазылы естеліктер, мақалалар мен сұхбаттар топтастырылған. Кітап марқұмның

көруші еді. Өте тәжірибелі маман болғандықтан кез келген тақырыпты талдап, түсіндіруден жалықпайтын. Депутаттарды да бес саусағандай біліп, кімнің қандай тақырыпта «сөйлейтін» айтып беретін еді. Өзі орыстілді журналист болғанмен, қазақша мақалаларды үзбей оқитын. Әр газеттің шығарған мақала, сұхбаттарын талдап, салыс-



бірнеше жыл бірге қызмет еттік. 1983 жылы Жоғары Кеңестен бастап осында Парламентте жұмыс істеп, зейнетке шықты. Айтқан сөзінде тұратын, өзімізділікке салынбайтын, өз ісіне адал адам еді. Әдетте, жұрт мемлекеттік қызметшілердің жұмысының қиындығын біле бермейді. Бұл кітапта жақсы адамның есімін, өмірін, өнегесін тасқа басып, артындағы ұрпағына қалдыруды мұрат еттік. Жинақ 200 данамен жарыққа шықты» деді мемлекет және қоғам қайраткері Ирак Елекеев.

Үш жыл бұрын, марқұмның жылдық асында естелік кітап шығару туралы ұсыныс айтылды. Жігіткер ағамен

отбасы мүшелеріне, барлық әріптестеріне, журналистер қауымына және оқырмандарға қызықты болатыны сөзсіз. Өйткені онда нағыз қарапайым, кішіпейіл, ұлтын жанымен сүйген адам туралы жазбалар бар.

Жігіткер Байтілесті парламенттік журналистердің бәрі жақсы біледі. 2000 жылдардың басында Мәжілістің (Ж.Тұяқбай төраға болғанда) баспасөз қызметін басқарды. Ол кезде әріптестеріміз қалаған уақытында Мәжіліс төрағасынан сұхбат алатын-ды. Кейде қоятын сұрақтарды Жігер ағаның өзі аузыңа салады. Журналистердің бәрі өз бауырындай жақсы

тырып, қорытынды жасайтын. Егер сенің жазған бір дүниең көңілінен шықса, қолыңды қатты қысып, мақтау сөзін аямайтын. «Пишите, ребята! У Вас есть самое сильное оружие!» деп шабыттандырып, жазатын тақырыбыңды нақтылап беретін. «Бәріне қанағат қыл, адал еңбек ет» деген қағидамен өмір сүрген ақ жүрек ағамыздың бейнесі ешқашан ұмытылмайды. Жігер ағаның өмірде біреуге қиянат, зорлық, қысастық жасағанын көрмедім. Өзімізділік пен мақтан-құмарлықты жаны сүймейтін. Жігер ағамыздың асыл бейнесі жүрегімізде мәңгі қалады.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

ҰЛТТЫҚ КИІМ ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС

Қазақ демократия күшейіп, еркіндік берілген сайын, қарны тойып, тұрмысы жақсарған сайын әдептен де, дәстүрден де аттай бастады. Соның бір мысалы итін үйлендіріп, тойына асаба, әнші-бишілерді шақырып, керемет кеш өткізсе, тағы бір итқұмар итін қазақша киіндіріп, оның басына қазақтың тақиясын кигізіп, фотоға түскені қанымызды қайнатты.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Тақия – қазақ халқының ұлттық бас киімі, ол ата-бабаларымыздан қалған мәдени мұра, ұлттық болмыстың бір бөлігі. Оны жануарға кигізу – ұлттық киімді мазақ ету, ұлтты қорлау.

Ұлтымыздың ұғымында бас киімнің орны ерекше, яғни бас киім – тек киім, сәндік бұйым ғана емес, адамның абыройы мен ар-ұятының, мәртебесінің белгісі. Сосын да қазақта бас киімді жерге тастауға, теріс киюге болмайтын, кез келген адамға бермейтін, далаға қалдырмайтын қатаң тәртіп бар. Өйткені бас киім адамның рухани және әлеуметтік болмысымен тікелей байланысты.

Аяғына жығылып, кешірім сұрағанда алдына бас киімін тастаудың астарында осындай мән жатыр. Ендеше осындай салт-дәстүрімізді елемей, тұтас ұлттың құрметімен санаспай, итіне тақия кигізіп «ал қайтесің?» дегендей, оны әлеуметтік желіге салу – қазақ еліне, мемлекет құрушы негізгі ұлт – қазақ халқына жасалған рухани қастандық. Бұған бейжай қарауға болмайды. Былайша айтқанда, ол қазақтың бас киімін ғана емес, алтын басын да аяқасты етіп тұр.

Жалпы соңғы кездері ұлттық киімдерді келемеждеу, ұлттық киімді жалаңаш денесіне киіп фотоға түсу жиілеп барады. Бұл жас ұрпақтың санасында ұлттық киімге деген құрметін төмендетіп, жауапкершілік, жанашырлық сезімін әлсіретті. Мұндай басыздыққа

көз жұмып қарауға болмайды. Сондықтан ұлттық құндылықтарды мазақ ететін немесе қорлайтын контенттерге қатысты қоғамдық бақылауды күшейту керек. Арнайы платформаларда ұлттық мәдениетті қорғау бағытындағы ақпараттық жұмыстар жүргізу ауадай қажет. Ең маңыздысы, ұлттық киімді, рәміздерді, мәдени құндылықтарды қорлау немесе келемеждеу әрекетіне заң тұрғысынан талапты қатандатып, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікті күшейткен жөн.

Мектептерде, университеттерде ұлттық мәдениет пен дәстүрді дәріптейтін арнайы пән мен сабақ енгізіп, ұлттық киім мен мәдениеттің маңызын түсіндіретін бейнеролик, деректі фильм түсіруге баса назар аударған жөн. Жастар арасында ұлттық құн-

дылықтарды құрметтеуді насихаттайтын жобаны көбейтіп, ұлттық мәдениетті құрметтеуді отбасынан, балабақшадан бастап қалыптастыруымыз керек. Танымал тұлғалар, блогерлер, өнер жұлдыздары ұлттық құндылықтарды дәріптеу үшін арнайы жобалар жасаса нұр үстіне нұр болар еді.

Ұлттық киімді күнделікті өмірде киюге қолайлы етіп қайта жаңғырту (дизайнерлердің үлгісін дамыту, ыңғайлы материал қолдану) және отандық брендтер мен дизайнерлерге қолдау көрсету, ұлттық киімді насихаттайтын фестиваль, сән көрсетілімі, байқау ұйымдастыру, қазақтың ұлттық дәстүрлері мен құн-

дылықтарын дәріптейтін мерекелер мен мәдени іс-шараларды жиі өткізу де ұлттық киімге деген сұранысты арттырып, құрмет сезімін күшейтеді.

ЖАНҚОЖА БАТЫРДЫҢ ҚЫЛЫШЫ МУЗЕЙГЕ ТАПСЫРЫЛДЫ

Парламент Мәжілісінің депутаттары Ардақ Назаров пен Айдарбек Қожаназаров Ұлттық музей қорына қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлының қылышын тапсырды. Құнды жәдігерді аталмыш музей директорының міндетін атқарушы Берік Әбдіғалиұлы салтанатты жағдайда қабылдап алды.



«Ұлттық музейдің негізгі миссиясы – тарихи жәдігерлерді жинау, толықтыру, халыққа жеткізу, сақтау. Жанашыр азаматтардың қолдауымен сыртқа кеткен құнды жәдігерлерді елге қайтару, халықпен табыстыру жұмысы музейде жолға қойылған. Бізде біраз сондай заттар бар. Алда олар жайлы сыр шертетін жинақ шығарамыз. Өз қаражатымен музей қорын толықтыруға үлес қосқан азаматтардың тізімін, былайша айтқанда, «Алтын кітабын» дайындауды бастап жатырмыз» деді Берік Әбдіғалиұлы.

Жанқожа Нұрмұхамедұлының қылышы – XIX ғасырға тиесілі жәдігер. Ардақ Назаров батырдың елді қорғаудағы еңбегіне тоқталып, қылыштың тарихын айтып берді. Оның айтуынша, жәдігер украиналық іздеуші мамандардың қолына түскен. Олар кейін мұны Ресейге жіберген. Арнайы сараптамадан өткеннен кейін қазақстандық азаматтардың қолына түсті. Жәдігердің екі жағында арабша жазу бар. Бірінде «Жанқожа Нұрмұхамедұлы баһадүрге саураут (сыйлық)», екіншісінде «Созақ, 1845 жыл» деп жазылған.

«1845 жылы Кенесары хан бастаған қазақтың

батырлары Созақты қоқандық басқыншылардан азат еткен кезде қылышты Кенесары сыйлаған деп айтылады. Өйткені бұл шайқас кезінде Жанқожа батыр әскерімен ерекше ерлік көрсетті» деді Ардақ Назаров.

Белгілі жырау, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматов Жанқожа батыр туралы тарихи деректерді сөйлетіп, эпостық жырлардан мысалдар келтірді.

«Жанқожа Нұрмұхамедұлының тарихтағы орны, ұлт-азаттық көтерілістің басшысы болғаны жөнінде өте кең мағлұматтар соңғы уақытта зерттеліп жатыр. Бірақ жеке басына тиесілі жәдігерлер туралы дерек аз еді. Батырды оққа байлаған кезде әуелі атын алып кетеді. Одан кейін қару-жарағы алынады. Қылышы да олжаға кетіп, әрі қарай Ресей асып, енді елімізге оралып отыр. Соған қол ұшын берген азаматтарға көптеп-көп рақмет! Жанқожаның қылышымен қатар рухы оралды» деді Алмас Алматов.

Парламент Мәжілісінің депутаты Айдарбек Қожаназаров тарихи құнды жәдігерлерді музейге тапсырудың маңызы туралы айтты.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

КҮЙ АНАСЫНА АРНАЛДЫ

1955 жылдың 31 қаңтарында 94 жасқа қараған шағында күй анасы Дина Нұрпейісова фәниден бақиға көшті. Кеше тарихи тұлғаның өмірден өтуіне 70 жыл толуына орай Астанадағы ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камералық залында «Күй анасы – Дина» еске алу кеші өтті.

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Күй анасы» республикалық қоғамдық қоры ұйымдастырған алғашқы іс-шараға қоғам және өнер қайраткерлері, оқушылар қатысты. Гүл шоқтарын қою барысында күйші, композитор, ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айтжан Тоқтаған Дина Нұрпейісованың қазақ музыкасының, күй өнерінің өрлеуіне қосқан үлкен үлесі туралы әңгімеледі.

«Күй – қазақтың жаны» деп айтып жатамыз. Сол жанды жандандырған – Дина әжем. Дина әжем – «Ғасыр адамы» деген атақты алған ерекше адам. 94 жасқа келіп, қолынан домбырасын тастамай, ең соңғы демін алған кезде Құрманғазының «Қайран шешем» күйін тартып, дүниеден өтті. Бұл – өнерге бүкіл болмысымен, жан дүниесімен берілгендік. Смағұл Көшекбаев деген азамат Ахмет Жұбановтың жұмсауымен Астраханға барып, «Әже, Алматыға жүріңіз» дегенде, «шырағым, мен қартайдым ғой. Осындай кезде қозғап қайтесің» деп қиналған Дина сонда 76 жаста еді. Сонда көндіре алмаған Смағұл ең соңында «Құрманғазы – сіздің ұстазыңыз ғой. Алматыда «Құрманғазының күйін үйренеміз» деп жастар күтіп отыр дегенде, әжем келініне «жина чемоданды, барамын» деп айтқан екен. Алматыға келіп, үлкен сахнаға шыққанда да 76 жаста болды» деген Айтжан Тоқтаған көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жүмекен Сейітмәденинов пен ақын Серік Сейітманның күй туралы өлең жолдарын оқыды.

«Күй анасы» республикалық қоғамдық қоры ақсақалдар алқасының мүшесі, ардагер ұстаз Қажымұрат Нәсиев бата беріп,



Дина Нұрпейісованың рухына құран бағышталды.

«Күй анасы – Дина» кешінде Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның қазақ оркестрі (көркемдік жетекшісі, бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Айтқали Жайымов, дирижері – Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов) Дина мен Құрманға-

зының «Әсемқоңыр», «Бұлбұл», «Науысқы», «Тойбастар», «Қайран шешем», «Сарыарқа», т. б. күйлерін орындады. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Анар Мұздаханова Динаның «Байжұма», мәдениет саласының үздігі Әмина Бошымова күй анасының «Домалатпай», оркестрдің басқа да мүшелері күйлерді шертті. Концертте жалпы 15 шығарма орындалды.



ОҚЫРМАНЫҢ СУСЫНДАТҚАН «ҒҰМЫРДАРИЯ»

Кеше Астанадағы Достық үйінде қоғам қайраткері, мемлекеттік қызмет саласының ардагері Ерсұлтан Бектұрғановтың «Ғұмырдария» кітабының тұсауы кесілді.

**Қалиақбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

«Фолиант» баспасынан жарық көрген, естелік-эссе түрінде жазылған бұл кітапта автор балалық шағынан қазірге дейінгі ғұмыр жолындағы елеулі оқиғаларды баяндап, өмірлік тәжірибесімен бөліседі. Сондай-ақ адам бойындағы басты қасиеттер – адалдық, еңбексүйгіштік пен кішіпейлділікті басты құндылық ретінде көрсетіп, оқырмандарды кездескен қиындықтарды жеңіп, қашанда жақсылық жасауға шақырады.

– Ерсұлтан Бектұрғановтың жаңа кітабын екі күн бас алмай оқып шыққанмын. Оқып оты-



рып, елде жүрген кездегі өзін де білмейтін нәрселеріме қанықтым. Бүкіл Бектұрғановтар әулетінің жақсы істерін, жақсы қасиеттерін, өнегелі істерін таныдым. Түйіндеп айтқанда, бұл кітап адалдықты, адамгершілікті ту ете отырып, ұрпақтарды отаншылдыққа, еңбексүйгіштікке шақырады, – деді тұсауы кесерде сөз алған аудармашы-журналист Есенқұл Сафуани.

– Менің басты айтқым келгені – өмірдің мәнін де, құнын да, бақытын да еңбектен тапқаным. Адал еңбек абыройға жетелейтіні анық. Тағылымды ойлар мен қызықты оқиғаларды арқау еткен бұл кітабым өскелең ұрпаққа тәрбие беріп, жол көрсетуде пайдасы тиеді деген ойдамын, – дейді автор.

Ерсұлтан Бектұрғанов Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технология-

сы институтын (қазіргі М.Х.Дулати атындағы өңірлік университет), Дипломатиялық академияны бітірген. 1-сыныпты кеңесші деген дипломатиялық дәрежесі бар. Еңбек жолын қарапайым жұмыстан бастаған ол кейін ҚР Сыртқы істер министрлігінің хатшысы, Қазақстанның Германиядағы елшілігінің консулы, ҚР Президенті Әкімшілігі кадр саясаты бөлімінің меңгерушісі болды.

2012 жылы қаңтар айында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланып, V-VI шақырылымдарда абыройлы қызмет атқарды. Қажырлы еңбегі мемлекет пен қоғам тарапынан жоғары бағаланып, «Ерен еңбегі үшін» медалмен, «Құрмет», «Парасат» ордендерімен марапатталды. Екі рет Президенттің алғысын алып, кеудесіне «Алтын барыс» белгісін тақты.